



Эндодонтикалық емдеуге келісім

Мен _____ Dent-lux стоматологиялық клиникасының дәрігерімен тістің (тістердің) түбірлі каналдарын емдеу көрсетілгені туралы ескертілдім.

Дәрігер маған мынаны түсіндірді:

✓ Ұсынылған емдеуді орындау әдістері мен тәсілдері, жұлып тастауға қарағанда түбірлі каналдарды емдеу артықшылығы мен емдеуді орындамағанда туындауы мүмкін салдары.

✓ Анестезия кезіндегі мүмкін асқыну: жұмсақ тіннің ісінуі, дәрі егу жерінде қан кетуі, назардың төмендеуі, аллергиялық реакция.

✓ Мүмкін асқыну түрлері: - медициналық ерекшеліктерге, нақты емделушіге және оның денсаулығының жағдайына байланысты тістің түбірлі каналдарының жеке құрылыс ерекшеліктеріне қатысты тиімсіз эндодонтикалық емдеудің нақты пайызының болуы; тістің түбірлі каналдарын уақыт өткен сайын қайта емдеу немесе тістің айналасындағы тінге хирургиялық араласу немесе тісті жұлып тастау; түбірлі каналдың ішінде аспаптың (файлдың) сынуы және оны шығарудың мүмкінсіздігі

✓ Бұрын пломбаланған тіс (тістердің) каналдарын қайта емдеу кезіндегі емдеу сәттілігі азая түседі, бұл мынамен байланысты: түбірлі каналдан ескі пломбаны немесе металл штифтті алып тастау мүмкінсіздігі; түбірлі каналдардың қатты кальцификациясы, бұл кейбір жағдайларда түрлі асқыну түрлерінің (перфорация, аспаптың сынуы) пайда болуы ықтималдығын арттырады; түбірлі каналдардың қисаюы.

✓ Коронкамен жабылған тісті немесе тіс протезі (шешілмелі немесе шешілмейтін) үшін тірек болатын тісті қайта емдеу кезіндегі мүмкін асқынулар: шешілмейтін протезді шешу қажеттілігі, жұлып тастауына алып келуі мүмкін тістің сынып кетуі.

✓ Түбірлі каналдарды емдегеннен кейін менің тісім морт сынғыш болады және оны коронка (салымша) салу арқылы қорғау керек.

✓ Маған келесі мәліметтер аталды және менімен келісілді: емдеу барысында қолданылатын технология (әдістер) және материалдар, емдеуді өткізу мерзімі, жеке рәсімдердің (сатылардың) және емдеудің құны. Маған емдеу барысында болжауға қиын жағдайлармен байланысты емдеу құны өзгеруі мүмкін екендігі белгілі.

✓ Мен түбірлі каналдарды емдеу кезіндегі кепілдік ісіну үрдісінің дамуына немесе асқынуына таралмайтыны белгілі.

Мен дәрігер түбірлі каналдарды емдеу нәтижелерін бағалауы үшін 6 ай сайын қайта тексеруге келу керектігін түсінемін.

Менің барлық сұрақтарыма дәрігер жауап берді және мен осы келісу формасында аталған мәліметтерді толығымен түсінемін.